

**« № 136 жалпы орта білім беретін мектебі » коммуналдақ мемлекеттік
мекемесі**

**Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің 2024-2025
оқу жылында атқарған жұмыстарының
жылдық есебі.**

ӘБ жетекшісі

Ғ.Е.Битибаева

**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қазақ тілі мен әдебиеті
пәні әдістемелік бірлестігінің
жылдық есебі**

2024-2025 оқу жылында әдістемелік бірлестік «Жаңартылған білім беру аясында тиімді әдістерді пайдалана отырып, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында жұмыс атқаруда.

Мақсаты: Әрбір сабақты тиімді өткізіп, оқушыларға сапалы білім беру, шығармашылыққа баулу.

II жартыжылдықта қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде жалпы - 15 мұғалім жұмыс атқарды. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатында – Б.Ибрагимов, П.Мамирова, М.Сейлова, С.Тажибаева, Ғ.Битибаева, П.Садыбекова, «Педагог-сарапшы» біліктілік санатында – М.Данакабаева, «Педагог – модератор» санатында- Д.Тенизбаева, Қ.Назарбаева, М.Азимова, А.Каримсаков, А.Берденов, И.Бекбаева, М.Үмбетова, санатсыз- М.Исакова.

2024-2025 оқу жылында пән мұғалімдеріне жүктеме сағаттары беріліп, мұғалімдердің ұмж жоспарлары жасалып бекітілді, кмж жоспарлары жазылды. Оқу үдерісінде 5-11 сынып оқушылар арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша әр сыныптан нөлдік бақылау жұмысы алынып, үлгерімі төмен оқушылар анықталды. Үлгерімі төмен оқушылардың білім сапасын көтеру әр ұстаздың міндеті. Сондықтан үлгерімі төмен оқушыларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Бақылау жұмыстары мен тоқсандық үлгерім нәтижелері бойынша әр тоқсан сайын мониторинг жасалынды.

Бірлестіктегі әр мұғалім өздері сабақ беретін сыныптарда қабілеті жоғары оқушылармен атқарылатын жұмыс түрлерін оқу жылының басында жоспарлаған болатын. Үлгерімі нашар балалармен жұмыс түрлері анықталып, аталған оқушылармен сабақ беретін пән мұғалімдері жұмыс жүргізді. Сабақ үстінде деңгейлеріне лайықталған тапсырмалар берілді. Сынып жетекшісі ата-аналарымен хабарласып, баланың білім алудағы жетістіктері мен кемшіліктері туралы мағлұмат беріп отырды.

Жұмыс барысында 11 және 9 сынып оқушыларына пән бойынша ҰБТ, PISA ББЖМ дайындық жоспары құрылып, әкімшілік тарапынан бекітілді. ҰБТ, ББЖМ тапсыру ережелерімен таныстырылды, дайындық барысында үлгерімі төмен оқушылар анықталды, оларға арналған жұмыс жоспары түзілді. Қазақ тілі мен әдебиетінен тақырыптық тесттер жинақталынды. Пән бойынша бақылау тест жұмыстары алынып, нәтижелеріне сараптама жүргізіліп, талдау жасалынды. 9-11 сынып оқушыларының ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындығы жайында айтылды. Бірлестіктің ББЖМ мен ҰБТ –ға арналған жоспары бекітілген. Соған байланысты үлгерімі төмен оқушыларға арналған жұмыс жоспары жасалынған, апталық тест жұмыстары алынып, оларға жасалған сараптамалары мен тестке талдаулар дер кезінде алынуда. ББЖМ-ға жауапты пән мұғалімдері – Қ.Назарбаева мен М.Сейлова, Ғ.Битибаева, А.Берденов. Пән мұғалімдері 9-сынып оқушыларына бекітілген кесте бойынша қосымша сабақтар өткізді.

ҰБТ-ға дайындық 11- сыныптарда жүргізілуде. Оның арнайы өткізу ережесі бекітілген. Ережені негізге алған білім беру ұйымы мектептің оқу үдерісіне соған сәйкес іс-шаралар жоспарын түзді. ҰБТ-ға дайындық ретінде байқау тестілеуін өткізіп, сараптама талдауын жасап, көрсеткіші төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық сабақтары ұйымдастырылды, оқушылардың физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дайындауға мектептің психологиялық қызмет көрсету орталығы өз көмегін тигізді. Қаңтар айынан бастап, оқушылар қалалық байқау тестіне қатысып, 100 –ден жоғары балл жинап, алды 123 балл алып, жақсы көрсеткіш көрсетіп отыр. Оқушылардың тестке дайындығы жақсы. Оқушыларға бағыт-бағдар беріліп, қолдау

көрсетіліп отыр. Оқу сауаттылығы бойынша эссе жұмыстары алынып, қосымша жұмыстар жүргізіліп отыр. ҰБТ бойынша жұмыстар «қанағаттанарлық» деңгейде екендігі анықталды. ҰБТ-ға жауапты пән мұғалімдері : С.Тажибаева, М.Сейлова. Сынып жетекшілері ҰБТ нәтижесімен ата-аналарды хабардар етіп отырды.

Сыныптан тыс іс-шаралар бойынша биылғы оқу жылында А.Құнанбайұлының 180 жылдығына орай жоспар жасалып, іс-шаралар бекітілді. Әр іс –шара жұмысы кесте бойынша жүргізіліп, сілтемелері фейсбук желісіне жүктеліп отырылды. Қосымша «Балалар кітапханасы» бағдарламасы бойынша іс-шаралар жүргізіліп, желіге жүктелді.

Наурыз айында « *Тілге құрмет-елге құрмет!* » тақырыбында 03.03-14.03.2025 ж.күндері аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы болып өтті.

03.03.2025 - 14.03.2025 күндері аралығында « *Тілге құрмет-елге құрмет!* » тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пән апталығы болып өтті. Апталықтың алдын-ала іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Бірлестікте жалпы -15 мұғалім бар. Барлығы жоғары білімді, оның ішінде педагог-зерттеуші – 6, педагог-сарапшы – 2, модератор-6 санатсыз-1 мұғалім.

03.03.25 ж.күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.Сейлова 9 ^В сыныбында қазақ тілі пәнінен « Бұқаралық ақпарат құралдары» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсатқа сай жоспарланған. Жаңа сабақ бойынша мәліметтер беріліп, оқушылар берілген тапсырмаларды орындай білді. Оқушылар салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін жаңылыспай таба білді. Тілдік бағдарды жақсы меңгергені көрініп тұр. Мұғалімнің сабақта өзін-өзі ұстауы, сабақты түсіндіруі өте жақсы. Мұғалімге сабақта жаңа әдістерді қолданып, оқушы қызығушылықтарын арттыру, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру керектігі айтылды.

05.03.25 ж күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Д.Тенизбаева 10 ^Ә сынып оқушыларымен қазақ тілі және әдебиеті пәнінен «Тарихи мәдени ескерткіштер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар тақырып жайында құнды мәліметтер алды. Мұғалім сабақта әртүрлі әдіс –тәсілдерді қолданды. Сабақ мақсатына сай тәрбие құндылықтары кіріктірілген. Мұғалімге сабақта барлық оқушыны қамту керектігі, үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыру керектігі айтылды.

05.03.25 ж .күні Г.Битибаева 8 ^В сыныбымен Д.Исабековтың «Әпке» драмасы тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыра білді. «АВС» әдісі арқылы сыныптағы жалпы оқушылар сабаққа қамтылды. Бейнетаспадан үзінділер көрсетіліп, білім алушылар шығарманың идеясын аша білді. Оқушылар сабақта еркін, өз ойларын айта білді. Сабақ мақсатына сай жоспарланып, жоғары деңгейде өтті.

06.03.25 ж .күні А.Каримсаков 5 ^А сыныбында қазақ әдебиеті сабағынан М.Қабанбаевтың «Бауыр» әңгімесі тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында түрлі жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыра білді. Оқушылар белсене араласып, көркемдегіш құралдарды жырдан тауып сабақ қызықты өтті. Оқушы мен мұғалім арасында байланыс өте жақсы. Оқушылар сабақта өз ойларын еркін айтып, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Сабақ өте жақсы деңгейде өтті.

06.03.25 ж. күні 6 ^Г сыныбымен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі А.Берденов О.Бөкей «Тортай мінер ақ боз ат» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруі, өзін-өзі ұстауы өте жақсы. Жаңа тақырып бойынша көптеген деректер берілді. Оқушылар сабақта тапсырмалар орындап, жаңа тақырыпты түсінді. Оқушылардың жаппай сабаққа қатысымы орташа. Мұғалімге сабақтарда белсенді әдістерді қолдану, қысқа мерзімді жоспарды дұрыс жоспарлау, түзетулер енгізу керектігі айтылды.

07.03.25 ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.Данакабаева 6 ^Д сыныбымен «Салт-дәстүр және тәрбие» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар топқа бөлініп, топтық, жеке тапсырмалар орындады. Оқушылардың сабаққа белсенділігі жақсы. Сабақта тапсырмалар өте көп,

мұғалім сабақты асығыс жүргізді. Мұғалімге сабақ жоспарына сай қысқа мерзімді жоспарға толықтырулар енгізу, берілетін тапсырмаларды уақытқа сай жоспарлау керектігі айтылды.

11.03.25 ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі И.Бекбаева 7^В сыныбымен «Қазақтың дастарханы-берекенің бастауы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Оқушылар «Шаңырақ» әдісі арқылы топқа бөлінді. Сабақта топтық, жұптық, жеке жұмыстар болды. Сабақтағы ұлттық тағамдарға байланысты көрнекіліктер өте керемет. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс өте жақсы. Оқушылар сабаққа белсене қатысып отыр. Мұғалім жаңа форматтағы әдістерді өте жақсы меңгерген. Жаңа әдістердің түрлері өте көп. Сергіту сәті өте әсерлі өтті. Оқушылар білім деңгейіне сай бағаланды. Мұғалімге сабақ жоспарына сай қысқа мерзімді жоспарға толықтырулар енгізу керектігі айтылды.

11.03.25 ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.Азимова 5^В сыныбымен «Жауынгердің тұлғасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Мұғалім сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысып отырды. Сан есімнің түрлері бойынша ережелерді оқушылар жақсы меңгерген. Тапсырмалар орындау барысында мүдірмей тауып отырды. Оқушылар сабақта эссе жазып, эссе құрылымы дұрыс құрылғанына көз жеткіздік. Сабақта бірнеше платформа бойынша тапсырмалар орындалып, оқушылар бағаланды. Сабақ өте жақсы деңгейде өтті.

12.03.25 ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Қ.Назарбаева 9^З сыныбымен «Ф.Оңғарсынова өмірі мен шығармашылығы «Өлең мен сені аялап өтем» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсатқа сай жоспарланған. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы бейнетаспадан тың деректер берілді. Өлеңнің идеясын тауып, өз көзқарастарын айта білді. Шығармадағы көркемдегіш құралдарды таба білді. Сабақ жоғары деңгейде өтілді.

12.03.25 ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі С.Тажибаева 10^Г сыныбымен «Шетте жүрген бауырларға» өлеңінің көркемдік ерекшелігі» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ мақсатқа сай жоспарланған. Сабақта жаңа тақырып бойынша құнды деректер айтылды. Оқушылар өз пікірлерін білдіріп, ойларын еркін айта білді. Шығармадағы көркемдегіш құралдарды тауып, мысалдармен дәлелдей білді. Мұғалімге сыныптағы барлық оқушыларды сабақта қамту, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізу керектігі айтылды.

14.03.25 ж. күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Г.Исакова 5^Е сыныбымен «Күш атасы» тақырыбында ашық сабақ өтті. Өзі жас маман болса да, сабақты белсенді жүргізді. Мұғалімнің сабақта өзін-өзі ұстауы, оқушылармен қарым-қатынасы өте жақсы. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді әсіресе «Жасанды интеллект» әдісін тиімді қолданды. Сабақ мақсатқа сай дұрыс жоспарланған. Сабақ мақсатына сай тиімді әдістер таңдалған. Бағалау әдістерін тиімді жүргізіп, оқушылардың сабақта қызығушылықтарын оята білді. Сабақ өте тартымды, қызықты өтті.

14.03.25 ж. күні «*Тілге құрмет-елге құрмет!*» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пән апталығы қорытындыланып, сабақты жоғары деңгейде өткен пән мұғалімдері Г.Е.Битибаева мен Қ.Назарбаева мақтау қағазына ұсынылып, басшылық апталық бойынша өз бағасын берді.

Наурыз айында 8,9,10-сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің берілу жағдайы тексерілді. Пән мұғалімдерінің жылдық жоспары, күнделікті қысқа мерзімді жоспары, оның ішінде құндылықтардың кіріктірілуі тексерілді. Оқушылардың дәптерлері тұтылуы, тексерілуі назарға алынды. Кемшіліктер пән мұғалімдеріне ескертілді. Наурыз айында әр сыныптағы оқушылардың білім пайызын анықтау мақсатында тест тапсыру жұмысы ұйымдастырылды. Әр сыныптың оқушылары толық тест тапсырып, пән бойынша

білім сапалары анықталды. Төмен нәтиже көрсеткен сыныптардың пән мұғалімдеріне оқушылармен қосымша жұмыс ұйымдастыру, білім пайыздарын көтеру мақсатында жұмыстарды жандандыру керектігі айтылды.

Сәуір айында 5-8,10-сыныптар бойынша қазақ тілі пәнінен өтетін аралық аттестаттау ережесімен таныстыру, емтихан кестесін бекіту жұмыстары қолға алынды..Пән мұғалімдеріне емтиханды өткізу кестесі, жауапты мұғалімдердің бекітілгені таныстырылды. Әр сыныпқа жауапты пән мұғалімі емтихан тапсырмаларын 4 нұсқада құрастыру, оқушыларға қосымша сабақтар ұйымдастыру туралы ескертілді.Емтиханға оқушылар толық қатысу міндетті екенін, денсаулығына байланысты қатыса алмайтын оқушылардың дәрігерлік анықтамасы міндетті түрде болу керектігі түсіндірілді.Емтихан кестесі бекітіліп, төмендегі мұғалімдер мен асистенттер бекітілді.

Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәні бойынша 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттауды өткізудің кестесі

Қ/С	Сыныбы	мерзімі	Пәні	Жауапты мұғалім	Ассистент	Кабинет нөмірі
1	5 «А»	26.05.25 ж 9 ⁰⁰	Қазақ тілі	Каримсаков А.П	Битибаева Ғ.Е	324
2	5 «Ә»			Каримсаков А.П	Тажибаева С.А	302
3	5 «Б»			Үмбетова М.С	Сейлова М.Д	326
4	5 «В»			Азимова М	Тенизбаева Д.Ж	325
5	5 «Г»			Данакабаева М	Назарбаева Қ.Е	310
6	5 «Ғ»			Исакова Г	Садыбекова П.И	323
7	5 «Д»			Азимова М	Берденов А	304
8	5 «Е»			Данакабаева М	Ибраимов Б	301
9	5 «Ж»			Каримсаков А.П	Мамирова П.А	309
1	6 «А»	26.05.25ж 14 ⁰⁰	Қазақ тілі	Азимова М	Битибаева Ғ.Е	312
2	6 «Ә»			Каримсаков А.П	Тажибаева С.А	226
3	6 «Б»			Мамирова П.А	Сейлова М.Д	237
4	6 «В»			Мамирова П	Исакова Г	232
5	6 «Г»			Бекбаева И.А	Садыбекова П	229
6	6 «Ғ»			Мамирова П	Берденов А	331
7	6 «Д»			Данакабаева М	Назарбаева Қ.Е	306
8	6 «Е»			Ибрагимов Б	Тенизбаева Д.Ж	232
9	6 «Ж»			Данакабаева М	Үмбетова М.С	227
1	7 «А»	28.05.25ж 9 ⁰⁰	Қазақ тілі	Каримсаков А.П	Мамирова П.А	308
2	7 «Ә»			Садыбекова П	Назарбаева Қ.Е	320
3	7 «Б»			Мамирова П	Тажибаева С.А	319
4	7 «В»			Садыбекова П	Тенизбаева Д	305
5	7 «Г»			Бекбаева И	Ибрагимов Б.А	330
6	7 «Ғ»			Бекбаева И	Битибаева Ғ	328
7	7 «Д»			Мамирова П	Үмбетова М.С	329
8	7 «Е»			Бекбаева И	Берденов А	234
9	7 «Ж»			Бекбаева И	Сейлова М	236
1	8 «А»	28.05.25 ж 15 ⁰⁰	Қазақ тілі	Битибаева Ғ.Е	Бекбаева И	310
2	8 «Ә»			Садыбекова П	Тенизбаева Д.Ж	231
3	8 «Б»			Битибаева Ғ.Е	Азимова М	306
4	8 «В»			Битибаева Ғ.Е	Мамирова П.А	228
5	8 «Г»			Битибаева Ғ.Е	Данакабаева М	303
6	8 «Ғ»			Назарбаева Қ.Е	Ибрагимов Б	316
7	8 «Д»			Тенизбаева Д.Ж	Каримсаков А	319
8	8 «Е»			Садыбекова П	Тажибаева С.А	331
9	8 «Ж»			Берденов А	Сейлова М	328
1	10 «А»	28.05.25ж 12 ⁰⁰	Қазақ тілі	Тажибаева С.А	Каримсаков А	323
2	10 «Ә»			Тенизбаева Д.Ж	Азимова М	229

3	10 «Б»		Назарбаева Қ.Е	Бекбаева И.А	322
4	10 «В»		Тенизбаева Д.Ж	Мамирова П	236
5	10 «Г»		Тажибаева С.А	Сейлова М	326
6	10 «Г»		Тенизбаева Д.Ж	Данакабаева М	324

2024-2025 оқу жылында «Lesson study» сабақты зерттеуге арналған жоспар құрылды.

Зерттеуші мұғалімдер тобы:

I топ

1. Битибаева Ғалия Елбосынқызы - топ кураторы
2. 5 «В» сынып Азимова Меруерт қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
3. 5 «Г» Данакабаева Мая қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
4. 5 «Ә» Каримсаков Асанәлі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Lesson Study циклінде С деңгейіндегі оқушылардың білімін В деңгейіне көтеру. Оқу жылы басында нөлдік бақылау жұмысының қорытындысы бойынша үлгерім көрсеткішіне байланысты 5-сыныптардан топ құрылып, зерттеу жұмысы қолға алынды. Мұғалімдердің зерттеу тақырыбы: «Lesson study тәсілін пайдалануда деңгейлеп, саралап оқыту технологиясының тиімділігі». Зерттеу жұмысы бойында өтілетін сабақтар кестесі құрылып, С деңгейлі оқушылар анықталып, сол оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін бақылау, сыныптың сабаққа қатысуы қолға алынды. Сабақтар өз деңгейінде жүргізілді. Бақылауға алынған сыныптар мен сынып оқушылары зерттелінді. Әрбір зерттеу тобындағы мұғалімдердің жүргізген бақылауларына талдау жасай отырып, оқушылардың СТО қабілеті артқанын, сыныптағы психологиялық ахуалдың жақсарғанын, бір-бірімен диалог жүргізу арқылы өз ойларын негіздей алатындығын байқадық. Сабақтарда топтық жұмыс кезінде оқушылардың арасында жүргізілетін диалог олардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Lesson Study зерттеу жобасында, мұғалімдер оқушылардың бақылау дағдысын дамытты; Бұл зерттеу материалдары сабақ беретін мұғалімдер үшін маңызды болды. Білім алушылардың түрлі әдіспен жұмыс жасауы сабаққа қызығушылықтарын арттырды. Сабақты зерттеу жұмысы «қанағаттанарлық» деп табылды.

2024-2025 оқу жылында көптеген республикалық, қалалық жарыстарға оқушылар қатысып, төмендегідей марапаттарға ие болды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарына қатысу бойынша мәліметтер 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері :

1. Аудандық олимпиадада Абдирова Гүлім III орын иеленді. Жетекшісі: Битибаева Ғалия Елбосынқызы
2. М.Мақатаев оқуларынан Есенбекова Жансезім III орын иеленді. Жетекшісі: Битибаева Ғалия Елбосынқызы

3. М.Мақатаевтың 93 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық «Мұзбалақ - Мұқағали» көркемсөз байқауында Мұханбек Сымбат Нариманқызы I орын иеленді. Жетекшісі: Бекбаева Индира Абдикаймовна
4. А. Құнанбайұлының шығармаларын кеңінен насихаттау мақсатында Республикалық шығармашылық «Абай оқулары» байқауында Мамыр Арай Қайратқызы I орын иеленді. Жетекшісі: Бекбаева Индира Абдикаймовна
5. Қалалық эссе байқауынан Усербай Талшын III орын иеленді. Жетекшісі: Тенизбаева Дана Жалгасовна
6. Жалпы білім беру ұйымдарының 9-11 сынып оқушылары арасында өтетін республикалық VII «Абайтану» олимпиадасының қалалық кезеңінің жүлдегері Сарыпбек Нұрай III орын иеленді. (Жетекшісі: Сейолава Маржан Дауыловна)
7. Шымкент қаласы, «Дарын» орталығы Асанбай Ақжібек III орын иеленді. (Жетекшісі: Искахова Гаухар Тоқтасынқызы)
8. Шымкент қаласы, М.Мақатаев оқуларынан Нұржан Саяна үздік диплом (Жетекшісі: Назарбаева Қарлығаш Полатқызы)
9. Қалалық олимпиаданың аудандық кезеңінен Лесбек Сержан II орын иеленді (Жетекшісі: Назарбаева Қарлығаш Полатқызы)
10. VI «Абайтану» олимпиадасының қалалық кезеңінде 10 «А» сынып оқушысы Рақымберді Қаракөз 2-орынды иеленді. (Жетекшісі: Тажибаева Сандугаш Асилбековна)
11. «Абай оқулары» байқауының қалалық кезеңіне қатысып, Рақымберді Қаракөз 3-орынды иеленді. (Жетекшісі: Тажибаева Сандугаш Асилбековна)
12. «Ілияс оқуларының» қалалық кезеңінде Бәйтен Мерей 10 «Ә» сынып оқушысы 3-орынды иеленді. (Жетекшісі: Тажибаева Сандугаш Асилбековна)
13. «Ақберен» өнер байқауының қалалық кезеңі 10 «В» сынып оқушысы Сапар Гүлім 3-орынды иеленді. (Жетекшісі: Тажибаева Сандугаш Асилбековна)
14. Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңге қатысқан Бәйтен Мерей 11 «Ә» сынып оқушысы 2-дәрежелі дипломмен марапатталды. (Жетекшісі: Тажибаева Сандугаш Асилбековна)
15. Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңге қатысқан Тоқтамысова Балхадиша 10 «Г» сынып оқушысы 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. (Жетекшісі: Тажибаева Сандугаш Асилбековна)

2024-2025 оқу жылындағы мұғалімдердің жетістіктері :

1. Қалалық пәндер олимпиадасынан шәкірті I, II орын алғаны үшін Тәжибаева Сандугаш Әсілбековна Алғыс хатпен марапатталды.
2. М.Мақатаев оқуларынан «Көркемсөз» байқауынан шәкірті III орын алғаны үшін Алғыс хатпен Битибаева Елбосынқызы марапатталды.
3. Тілдер апталығының онкүндігінде, үздік сабақ көрсеткені үшін мектепшілік марапатқа Битибаева Ғалия Елбосынқызы ие болды

4. Білім басқармасы Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Жырлайды жүрек» атты М.Мақатаев оқуларына оқушы қатыстырғаны үшін Назарбаева Қарлығаш Полатбековна дипломмен марапатталды
5. Тілдер апталығының онкүндігінде, үздік сабақ көрсеткені үшін мектепшілік марапатқа Назарбаева Қарлығаш Полатбековна ие болды.
6. Білім басқармасы Әдістемелік орталығы жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиеге үлес қосқаны үшін Алғыс хатпен Назарбаева Қарлығаш Полатбековна марапатталды.
7. М.Мақатаевтың 93 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық «Мұзбалақ - Мұқағали» көркемсөз байқауында шәкірті үздік көрсеткені үшін Құрмет грамотасымен Бекбаева Индира Абдикаймовна марапатталды.
8. А. Құнанбайұлының шығармаларын кеңінен насихаттау мақсатында Республикалық шығармашылық «Абай оқулары» байқауында шәкірті І орын алғаны үшін Алғыс хатпен Бекбаева Индира Абдикаймовна марапатталды.
9. Қалалық эссе байқауынан шәкірті ІІІ орын алғаны үшін Тенизбаева Дана Жалғасовна Алғыс хатпен марапатталды.

Пән мұғалімдері 2024-2025 оқу жылындағы ІІ жартыжылдықта атқарған жұмыстарына толықтай есеп берді. 2024-2025 оқу жылында бірлестіктің атқарған жылдық жұмысы « қанағаттанарлық» деп табылды.

ӘБ жетекшісі  Ф.Битибаева